

МАҚТААРАЛ

№40 (9217) жұма
28 қыркүйек, 2023 жыл

Мақтаарал аудандық қоғамдық-саяси газеті

E-mail: maqtaaral_gazeti@mail.ru Газет 1931 жылдың маусым айынан бастап шығады

МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗДЕР

1-қазан – Халықаралық қарттар күні ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯЛАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕП, АРДАҚТАЙЫҚ!

Жыл сайын қазан айының алғашқы жұлдызын бүкіл әлем жұртшылығы Халықаралық Қарттар күні ретінде атап өтеді. «Ардагерлер – біздің алтын қорымыз, мақтанышымыз» деп әрдайым қарттарға деген үлкен құрметімізді білдіріп отырамыз. Расында да солай. Қоғамымыздағы өзара түсіністік пен береке-бірліктің салтанат құруына мемлекеттік сындарлы саясатпен қатар, аға буынның да салмақты үлесі бар. Қариясын қадірлеп, ағаларын ардақ тұтқан халқымыз қашаннан тәлім мен тәрбиенің парқын, өнеге мен әдептің салтын үлкендерден үйренген. Бұл ретте ағалық жасқа жеткен Сіздердің өмір жолдарыңыз өрелі өнеге мен іргелі іскерлікке, қажырлы қайраткерлік пен сергек санаткерлікке толы ғибратты ғұмыр екенін айырықша айтып өткіміз келеді.

Қазақ халқының «Үйінде қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген тәмсілі текке айтылмаған. Жақсы қартай білген адам күннің жарығы секілді өзгелерге нұр шашады, санаға сәуле сіңіреді. Ондай азаматтар – қоғамның қымбат қазынасы. Ардагерлер – біздің тірегіміз, арқа сүйер ұстанымыз, мемлекетіміздің баға жетпес байлығы. Қарттығына қарамастан олар өңіріміздің қоғамдық істеріне белсене араласады. Қариялардың көмегіне қашан да жүгінеміз. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1990 жылғы 14 желтоқсанда әр жыл сайын 1 қазанда Халықаралық қарттар күнін атап өту жөнінде шешім қабылдаған болатын. Бүкіл әлем, соның ішінде Қазақ елі де қарттарымыздың бұл төл мерекесін ерекше тойлап келеді. Қарттардың түйткілді проблемаларын ұдайы шешіп, баса көңіл бөліп отыру қажет. Мемлекет қарттарға ұдайы қамқорлық жасаумен келеді. Қарияларды әлеуметтік жағынан тұрақты қолдау Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев саясатының басым бағыттарының бірі болып саналады. Біз қарияларға жан-жақты қамқорлық жасау арқылы өскелең ұрпақты үлкендерді құрметтеуге үйретудеміз. Қарияларымыздың денсаулығын жақсартып, сауықтыру мақсатында «Мейір» ардагерлер үйіне, Жетісай ауданындағы «Төлеген», «Әмзе» шипажайларына жолдама беріліп, ол кісілер денсаулықтарын түзеуге мүмкіндік алды.

Үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі халқымыздың ата салты. Елімізде қарт адамдарға деген ықылас жыл сайын артып, мемлекет тарапынан оларға көрсетілетін көмектің көлемі де ұлғайып келеді.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген сөздің мәні тереңде. Қарттарын қадірлеген ел азбайды. Өмірден түйгені, таным-тағлымы мол, ғибратты қарияларымызды әрдайым құрметтеп, ардақтай білейік. Мерекелеріңіз құтты болсын, қадірменді қариялар! Дендеріңізге саулық тілейміз. Өздеріңізді аялай білетін ортада сый-құрметке бөленіп жүре берулеріңізге тілектеспіз.

Б.АСАНОВ,
аудан әкімі,
Қ.СӨРСЕКБАЕВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚАДІРЛІ ҰСТАЗДАР!

Аса құрметті ұстаздар!

Сіздерді 5 қазан – Мұғалімдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Жыл сайын қазан айының басында аталып өтетін Мұғалімдер мерекесі ұстаздардың ғана емес, көпшілік қауымның да ортақ мерекесі. Өйткені, мұғалімнің алдын көрмеген, дәрісін тыңдамаған, ұлағатты өсиетімен сусындамаған адам кемде-кем. Сондықтан әрбір азамат жарық дүниеге әкелген анасына қалай борыштар болса, ұстазына да сондай қарыздар.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің тамыз конференциясында: «Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ата-бабалар аманат өткен ұланғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен жас буынға артылатын зор үміт. Кейінгі ұрпақ Тәуелсіздігіміздің туын әрқашан биік ұстауы тиіс. Сондықтан білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктеледі», - деген еді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев биылғы жылы Қазақстан халқына арнаған "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Жолдауында «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – "сапа". Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет. Бәріне бірдей білім беру үшін

интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуы шарт. Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек», - деді.

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім-мектептің жүрегі» деген қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин. С.Торайғыров: «Қазақтың зиялы азаматтары бір столдың басына жиналып қалса, төр мұғалімдікі» десе, К.Ушинский: «Ұстаз - Ұлы тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты» дейді. Ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан басталады», «Ұстаздық өткен жалықпас, үйретуден балаға» деп өсиет қалдырды. Мұғалімнің абыройы мен беделі, жауапкершілігі өз жұмысына деген сүйіспеншілігі, адалдығы әрдайым өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Барша ұстаздар қауымына қуанышты мерекеде зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына баянды бақыт, амандық тілейміз.

Б.АСАНОВ,
аудан әкімі,
Қ.СӨРСЕКБАЕВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.



АУДАН ӘКІМІ 5 ЖЫЛДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР БОЙЫНША

Биыл Мақтаарал ауданының қайта құрылғанына 5 жыл толып отыр. Осыған орай аудан әкімі Бақыт Асанов БАҚ өкілдері мен әлеуметтік желі белсенділеріне арнайы брифинг өткізді.



Жалпы 5 жылдың ішінде ауданымызда жалпы өңірлік өнім көлемі 62 миллиардтан 116 миллиардқа артқан. Сол секілді өнеркәсіп өнімінің көлемі 7 миллиардтан 16 миллиардқа, ауыл шаруашылығы өнімі көлемі 4 2 м и л л и а р д т а н 80 миллиардқа, бөлшек сауда көлемі 2,7 миллиардтан 4,5 миллиардқа, құрылыс 2,9 миллиардтан 9,7 миллиардқа артқан. Жалпы барлық салада үлкен көлемде өсім болғаны байқалады. 2018 жылы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі

22,3 пайызды құрайтын немесе 115 шақырым жолдар асфальтталған болатын. Биыл бұл көрсеткіш 78,5 пайызға жетіп, яғни асфальтталған жолдардың ұзындығы 435 шақырымды құрады. Жалпы 433 ішкі көшеге асфальт түскен. Оның ішінде "Ауыл – Ел бесігі" бағдарламасы аясында 5 жылда 117 көшеге 3 миллиард теңгеге жуық қаржыға орта жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2018 жылы орталықтандырылған ауыз сумен тұрғындардың 81,2 пайызы қамтылған болатын, соңғы 5 жылда бұл көрсеткіш 99,9 пайызды құрады.

Бүгінгі таңда табиғи газға 18 мың 477 абонент қосылған, қамту деңгейі 52,1 пайызды құрап отыр. Жаңажол және Ж.Нұрлыбаев ауылдық округтеріне қарасты 12 елдімекенге

ЖУРНАЛИСТЕРГЕ БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

жалпы 2 миллиард теңгеге жуық қаржыға жеткізуші газ құбырының құрылысы 2021 жылы басталып, ағымдағы жылы аяқтау жоспарлануда. Қолданыстағы автоматты газ тарту станциясының қуаттылығы толығымен пайдалануда. Осыған байланысты, қосымша қуаттылығы сағатына 50 мың текше метрді құрайтын "Мақтаарал" автоматты газ тарту станциясының құрылыс жұмыстары жүргізіліп (1,3 миллиард теңге), ағымдағы жылы пайдалануға беру жоспарланған. Сондай-ақ, Иіржар округіне қарасты 9 елдімекенді табиғи газбен қамтамасыз ету бойынша құрылыс жұмыстары жүргізіліп, аяқталады. Бұл қосымша 1 616 абонентті қосуға мүмкіндік береді және ауданымыздың газбен қамту деңгейі 65,2 пайызға артады. 2018-2023 жылдары аралығында 7 мемлекеттік мектептің жаңа ғимараты салынып, пайдалануға берілді. Биыл Еркінбад, Азамат, Өркеніет және Нұрлыжол елдімекендерінен 200 орындық 4 мектептің құрылысы жүруде. Сонымен қатар, "Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы аясында 5 мектептің құрылысы жоспарланып, 2 мектептің құрылыс жұмыстары басталды.

Спорт саласын ары қарай дамыту мақсатында 2019-2022 жылдар аралығында аудан аумағында 12 кіші футбол алаңшалары салынды. Одан бөлек, Мырзакент кентінде үлкен спорт сарайы пайдалануға берілсе, Атакентте спорт кешенінің құрылысы басталды. Нәтижесінде, спорт саласында аудан спортшылары 5 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жеткен. Атап айтқанда, ауданымыздан көптеген Әлем және Азия чемпиондары шықты. Сонымен қатар, еліміздің Премьер-Лига ойындарында "Мақтаарал" футбол клубымыз тұңғыш рет ауданның атынан шыққан команда ретінде тарихта қалды.

Жергілікті әкімдердің алдында тұрған басты міндет – жаңа кәсіпорындарды ашу, жаңа жұмыс орындарын құру. 5 жыл ішінде ауданымызда 12 инвестициялық жоба іске қосылып, 400-ге жуық тұрақты жаңа жұмыс орындары ашылды. Жалпы тартылған инвестициялар көлемі 100 миллиард теңгеден асты.

Осы жылдың шілде айында аудан әкімі Бақыт Асанов облыстық делегациямен Қытай Халық Республикасына және көршілес Өзбекстан Республикасына барып келді. Іс-сапарлардың басты мақсаты – экономикалық дамуы бойынша тәжірибе алмасып, аудан аумағында зауыт-фабрикалар ашу, халықтың әл-ауқатын арттыру. Іс-сапардың нәтижесінде, Мақтаарал ауданынан жеке кәсіпкер Қабыл Боев Қытайлық кәсіпкерлермен 3 миллиард теңгені құрайтын келісім-шартқа қол қойып, жылдық қуаттылығы 60 мың тоннаны құрайтын мақта талшығын өңдейтін зауыттың құрылыс жұмыстарын бастады. Кәсіпорын іске қосылғанда 50 тұрақты жұмыс орны ашылатын болады.

Жалпы 5 жыл ішінде тозып кеткен Мырзакент кенті адам танымастай өзгерді. Бүгінде аудан орталығындағы ескірген нысандардың барлығы жаңарып, көшелерінің барлығы дерлік асфальттанды. Ағаштар егіліп, жарқырата жарықшамдар орнатылды. Субұрқақтар атқылап, гүлдер жайқалды. Мырзалардың мекені деп атала бастаған Мырзакент қай жағынан алса да дамып, көркі көз тоймайтын деңгейге жетті. Мырзакентте үлкен құрылыс нысандары бой көтерді. Аудан әкімі аппаратының ғимараты, Мырзакент емханасы, Жастар гүлзары, Қ.Мұңайтпасов атындағы орталық стадион, Орталық кітапхана, аудандық мәслихат аппаратының ғимараты, Даңқ аллеясы, 1500 орындық жаңа мектеп, 280 орындық балабақша, спорт сарайы, дербес бөлімдерге арналған әкімшілік ғимараты ел игілігіне берілді. Сонымен қатар, орталық саябақтың, аудандық прокуратура ғимаратының құрылысы жүріп жатыр. Кентте көптеген кәсіпкерлік нысандары ашылып, ескілері жаңара түсті.

Аудан әкімінің баяндамасынан соң журналистер көкейде жүрген сұрақтарын қойып, қанағаттанарлық жауаптар алды.

Мақтаарал ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

ҚАРИЯЛАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУ – АТА САЛТЫМЫЗ

Ынтымағы жарасқан, ырысы ортаймаған берекелі қоғамның сипаты, ең алдымен, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейінгі азаматтарға жасалған қамқорлықтан көрінетіні анық. Әсіресе, әлпетінен әрі, әлеуетінен әлі тайған үлкен кісілерге көңіл бөлек. «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізет» деп білетін, қазақы қалпымыздан айнымаған қоғамымызда қарияларды қадірлеу – қашаннан келе жатқан мызғымас, берік дәстүріміз. Ал қазанның басын қазыналы қарттарымызды құрметтеумен бастауымыз осынау дәстүріміздің діңгегін одан сайын бекіте түседі.



БІЗДІҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАМЫЗ

Расында, 1 қазан – Халықаралық қарттар күнінде баталы қарияларымыз айналасындағы аяулы адамдарының жылы лебізін естіп, жүзінде шуақ ойнап, көңілі шалқып, мерейі тасып, бір жасап қалады. Жасы егде тартқан шағында ардақты ата-әжелеріміз сый-құрметке кенеліп, еңбегі еленіп жатса, нұр үстіне нұр. Үлкендеріміздің «Жасымда бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деп құлшылық етуінің мәні де осында. Зейнет демекші, еліміздің әлеуметтік саясатында қамсыз қарттықты қамтамасыз ету мақсатында бірқатар бағдарлама жүзеге асырылып жатыр. Оның бірі – «Күміс жас» бағдарламасы 2022 жылдан бастап қолға алынды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында зейнетақы көлемін жылдан-жылға арттыра түсуге тапсырма берді, бұған қоса әйелдердің зейнеткерлік жасын 2028 жылға дейін ұлғайтуға мораторий жариялады.

«Біз зейнетақы жүйесін қайта жаңғыртамыз. Зейнет ақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін біртіндеп ең төменгі күн көріс деңгейінің 70 пайызына, ал жоғарғы шегін 120 пайызына жеткізу қажет. Бұған дейін қабылданған шешімдермен бірге бұл қадам 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді. Сондай-ақ әлеуметтің талап-тілегін ескере отырып, әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырамыз», - деді Президент.

«Күміс жас» жобасына қатысушылардың шекті жасы төмендетілді, енді жобаға 50 жастан асқан әйелдер де қатыса алады. Жалақы мемлекет тарапынан субсидияланып, кем дегенде 100 мың теңгені құрайды. Бұл әйелдерге еңбек өтілін, аударымдарды алуға және зейнетақы жинақтарын толықтыруға мүмкіндік береді. Аталған іс-шаралар алдағы уақытта қариялардың әлеуметтік жағдайына оң әсер етеді деген үміт зор. Ал олардың денсаулығын күтуіне де қолайлы жағдай жасалып жатыр. Мұны еліміздегі өмір сүру жасының жылдан-жылға ұзарып келе жатқанынан байқауға болады. Қазір елімізде өмір сүру жасының ұзақтығы орташа есеппен 70,23 жасты құрап отыр.

Қорыта айтқанда, еліміздің қанат жайып өркендеуіне, ұрпағының келешегіне тілекші болып, шүкіршілік еткен қарияларымыздың алаңсыз, аман-сау өмір сүргеніне не жетсін?! «Өсер елдің қарты қазына болар, өспейтін елдің қарты қазымыр болар» дегендей, әдемі қартая білетін, аузы дуалы, сөзі уәлі, қазыналы қарттарымыздың қатары артқаны адам капиталына басымдық беріп жатқан еліміздің болашағына көп үлес қосары сөзсіз.

Мереке құтты болсын, қадірменді қариялар!

Сейітбек ОҢҒАРОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

ҚАРТТАРЫМЫЗДАН ҚАМҚОРЛЫҚТЫ АЯМАЙМЫЗ

Қазыналы қарттарымыздың мерейлі мерекесіне орай Мақтаарал ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты Атакент өңірі бойынша жалғызділікті қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі БЕКНАЗАРОВА Айсұлу Ешанқұлқызымен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Айсұлу Ешанқұлқызы, біздің ауданымызда мемлекет қолдауына мұқтаж, яғни, жалғызділікті немесе мүмкіндігі шектеулі қарияларымызға қандай әлеуметтік көмектер көрсетіледі?

– Қоғамның ізгілігі – қарттарымызға жасалған қамқорлықпен бағаланатыны анық. Еліміздегі қариялар мәселесіне тоқталар болсақ, қарттар мен мүгедектер, зейнеткерлер жайы мемлекет назарынан тыс қалған емес. Бүгінгі таңда Мақтаарал ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қарасты екі бөлімшеде 250 жалғызділікті қарттар мен мүгедектер есепте тұрады. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығы, 3 қосымшадағы «Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызметтер көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты» бойынша бөлімшеде есепте тұратын қызмет алушыларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіліп келеді. Арнайы осы мемлекет қолдауына мұқтаж қариялармен жұмыс жасайтын екі бөлімшеде екі әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер және қырық әлеуметтік қызметкерлер жұмыс атқаруда. Мырзакент өңірі бойынша жалғызділікті қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі, әріптесім – Г.Бекбутаева, ал мен Атакент өңірі бойынша осы салада өзім еңбек етудемін.

– Мемлекет тарапынан ол кісілерге қандай қамқорлық жасалып, көмектер көрсетіліп жатыр?

– Әрине, жалғызділікті қарттар мен мүгедектер мемлекет қолдауына мұқтаж. Олардан үнемі хабар алып, қолдан келген бар көмегімізді аямауға тырысамыз. Қарияларымыздың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында біршама жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, бөлімшеде есепте тұратын 80 жастан асқан 47 жалғызділікті қарттарға зейнетақысына ай сайын қосымша 6900 теңге көлемінде төлемақы төленуде. Қызмет алушылар жер салығынан, ауыз су, құл-қоқыс төлемақыларынан ішінара босатылады. Есепте тұратын қарияларымыз дәріханадан жеңілдетілген бағада дәрі-дәрмектер алып тұрады. Айына бір рет ішінара ыстық тамақ беріледі. Мерекелер қарсаңында біздің бөлімшеге келіп, қарияларымызды қуантқысы келетін демеушілеріміз де баршылық. Демеуші кәсіпкерлер – Қ.Алтынбеков, С.Абулов, Н.Ережепов, Э.Сәдуақасова, Ғ.Полатов, Н.Турашев, Ж.Оңғаров, М.Ажикабыловтарға үлкен ризашылығымды білдіремін.

Қарияларымызға құрмет жасап жүрген жаны жомарт жандардың тарапынан берілген қолдауларына, сый-сияпаттарына қарияларымыз да бір қуанып қалады. Аудан көлемінде 100-жастан асқан 3 қарт әкеміз өмір сүріп келеді. Батагөй әжелерді және қарияларымызды мерекелерде аудан әкімі Бақыт Асановтың бастамасымен Мақтаарал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Елшібаев Нұрғали мырза бастаған топ арнайы барып, сый-сияпаттарын беріп, құттықтап тұрамыз. Оларға демеушілер есебінен азық-түлік себеті жасалынады. Осы 100 жастан асқан қарттарымыздың үйіне жеке-жеке кіріп, тұрмыс жағдайымен танысып хабарласып тұрамыз. Жыл сайын Шымкент қаласындағы Қарттар үйінде тұрақты тұрып жатқан мақтааралдық алты қарияға демеушілер тарапынан берілген ақшалай-заттай сыйлықтар тапсырылып, құттықтау қағазын бөлім басшысы жолдайды. Сонымен қатар, бөлімшеде есепте тұратын жалғызділікті қарттар мен мүгедектерге мерекелік іс-шараларда азық-түлік себеті дайындалып, демеушілер тарапынан сый-сияпаттар ұсынылуда. Күні кеше Қарттар күні мерекесіне орай жылдағы дәстүр бойынша аудан басшысымен бірге қарияларды арнайы құттықтап барып, сый-сияпат жасадық. Осы мерекеге орай қазыналы қарттарымызға арнап ауданымызда мерекелік салтанатты кеш өтті.

Кеуделері шежіреге толы қарияларымыздың қадірін біліп, бағасына жете білейік дегім келеді. Мерекелеріңіз құтты болсын, ардақты асыл жандар!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан: Ұлжанат АСЫҚБАЙҚЫЗЫ.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 3 НАУРЫЗДАҒЫ №826 «ӘКІМДЕРДІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС, МАҚТААРАЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ Б. АСАНОВТЫҢ 2023 ЖЫЛЫ ҚАЗАН АЙЫНДА ӨТЕТІН ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІ МЕН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЛАРДЫ ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

№	Кенттер мен ауылдық округтерінің атауы	Өтетін күні, уақыты	Өтетін орны	Жеке қабылдау өтетін күні, уақыты
1	Мырзакент кенті	03.10.2023 ж. сағ. 11.00	Мырзакент кенті «Мақтаарал» мәдениет үйі	03.10.2023 ж. сағ. 11.30-12.00
2	Жаңажол ауылдық округі	03.10.2023 ж. сағ. 16.00	Жаңажол ауылдық округі Ақжол елді мекені, Жаңажол атындағы ЖОМ ғимараты	03.10.2023 ж. сағ. 16.30-17.00
3	Еңбекші ауылдық округі	04.10.2023 ж. сағ. 11.00	Еңбекші ауылдық округі Т.Жайлыбаев елді мекені Абай атындағы ЖОМ ғимараты	04.10.2023 ж. сағ. 11.30-12.00
4	Иіржар ауылдық округі	04.10.2023 ж. сағ. 16.00	Иіржар ауылдық округі Иіржар елді мекені Асыл мұра атындағы ЖОМ ғимараты	04.10.2023 ж. сағ. 16.30-17.00
5	Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі	05.10.2023 ж. сағ. 11.00	Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі Ынталы елді мекені Ы.Алтынсарин атындағы ЖОМ ғимараты	05.10.2023 ж. сағ. 11.30-12.00
6	Достық ауылдық округі	05.10.2023 ж. сағ. 16.00	Достық ауылдық округі Гүлістан елді мекені Тұрсын-Заде атындағы ЖОМ ғимараты	05.10.2023 ж. сағ. 16.30-17.00
7	А.Қалыбеков ауылдық округі	06.10.2023 ж. сағ. 11.00	А.Қалыбеков ауылдық округі Үлгілі елді мекені Мәдениет үйі ғимараты	06.10.2023 ж. сағ. 11.30-12.00
8	Атакент кенті	06.10.2023 ж. сағ. 16.00	Атакент кенті Орлов көшесі №14 кәсіптік колледж ғимараты	06.10.2023 ж. сағ. 16.30-17.00
9	Жамбыл ауылдық округі	10.10.2023 ж. сағ. 11.00	Жамбыл ауылдық округі Кеңесшіл елді мекені Мәдениет үйі ғимараты	10.10.2023 ж. сағ. 11.30-12.00
10	Мақтарал ауылдық округі	10.10.2023 ж. сағ. 16.00	Мақтарал ауылдық округі, Мақтаарал агрорлық колледж ғимараты	10.10.2023 ж. сағ. 16.30-17.00
11	Бірлік ауылдық округі	11.10.2023 ж. сағ. 11.00	Бірлік ауылдық округі Қоңырат елді мекені, Болашақ атындағы ЖОМ ғимараты	11.10.2023 ж. сағ. 11.30-12.00

МАҚТААРАЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Мақтаарал аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 24 қыркүйектегі отырысында:

Жаңажол ауылдық округі бойынша 1970 жылы туылған, Жаңажол ауылдық округінің әкімі, Мақтаарал ауданы Жаңажол а/о, Өрғебасауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, «AMANAT» партиясының мүшесі, ұлты қазақ Тұранов Марат Есенұлын әкім ретінде тіркеді.

Иіржар ауылдық округі бойынша 1975 жылы туылған, Мырзакент кенті әкімінің орынбасары, Мақтаарал ауданы Жаңажол а/о, Өрғебас ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, «AMANAT» партиясының мүшесі, ұлты қазақ Биболов Әбдіғаппар Әбдіқадырұлын әкім ретінде тіркеді.

● ҚҰТТЫҚТАУ

ЖАҚСЫ МҰҒАЛІМ — МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ



«Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл», - деп ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы айтып өткендей, білімді ұрпақ қана елдің келешегін түзеп, бет-бейнесін айқындайды. Жаңа әділетті Қазақстанның келешегі білімді ұрпақ қолында. Тек білім салтанат құрғанда ғана келешегіміздің кемел, болашағымыздың жарқын болары сөзсіз. Ал осы жас өреннің ертеңгі алар асуы бүгінгі ұстаздар қауымының ерен еңбегімен өлшенбек. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады. Ал әрдайым саналы шәкірттер жүрегінен мәңгі орын алған ұстаздар тәлімі мен абыройы күн санап арта берері хақ.

Мұғалімдер күні қарсаңында елімізде "Үздік педагог" республикалық байқауының жеңімпаздары марапатталады. Республикалық байқау 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Сол

уақыттан бері 620 ұстаз "Үздік педагог" атанған. Оларға 1000 АЕК (3 450 000 теңге) мөлшерінде сыйақы төленді. Бұдан бөлек ұстаздарға "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағы беріледі. Бұл марапатқа ие болғандар айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінде біржолғы төлем алады. Сондай-ақ Білім министрлігі 30 және одан көп жыл еңбек еткен мұғалімдерді "Еңбек ардагері" медалімен марапаттау туралы шешім қабылдады. Мемлекет басшысы да жыл сайын ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтайды. Президент мұғалімдерге мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалатынын әрдайым атап өтеді. Бүкіл саналы ғұмырын бала болашағына арнаған, елдің іргесін қалар ерен

ұрпақтың қамын ойлаған, қазіргі алмағайып заман мен жаһандану кезеңінде өз-өзін жетілдіру мен үздіксіз кәсіби даму үстінде тоқтаусыз ізденіп еңбектенген мұғалімдер ғана өз мамандығының ұшар шыңына көтеріліп отыр. Осылай болғанда ғана ескелең ұрпағымыздың келешегі кемел, болашағы жарқын, Тәуелсіздігіміздің бағыт-бағдары айқын болары сөзсіз.

Барша ұстаздар қауымына мықты денсаулық, ұзақ та мағыналы ғұмыр, таусылмас табыс, баянды бақыт, отбасылық шаттық тілеймін! Бойларыңыздан қуат, жүздеріңізден шуақ кетпесін. Шығармашылықтарыңыз шыңдалып, ұлт алдындағы ұлағатты істеріңізбен ел ықыласына бөлене беріңіздер!

Мұратбек СЕРІКБАЕВ,
Мақтаарал ауданы білім бөлімінің басшысы.

ІЗДЕНІМПАЗ ПЕДАГОГ

Ауданымызда шәкірттерін аудан, облыс, республикалық, халықаралық деңгейде жетістіктерге жетелеп жүрген 35 жылдық педагогикалық өтілі бар, педагог-зерттеуші, облыстық пәндік олимпиадасының қазылар алқасының мүшесі «Мырзақент» МГ-ның ағылшын тілі пәнінің мұғалімі К.Жексенбаева аудандағы білікті мұғалімдердің бірі. 2021 жылы желтоқсан айында "EDUSTREAM" Білім беру компаниясы, «Экспресс Публишинг» Халықаралық баспасының Қазақстандағы ресми және эксклюзивті өкілінің қатысуымен «WonderFest» театрландырылған бейнесценарийлер фестивалінің қорытындылау кезеңі ютуб каналынан тікелей эфирде көрсетілді. Қазақстан Республикасы бойынша 3000-ға жуық мектептер қатысып, солардың ішінен 150 мектеп оқушыларының жұмыстары республикаға өтті. Ал солардың ішінен 10 мектеп оқушыларының жұмыстары іріктеліп алынды. Соның ішінде №1 «Мырзақент» МГ «За высокие творческие достижения» номинациясымен марапатталды. Ал "Teenageagle" халықаралық олимпиадасына биыл 33 мемлекеттен оқушылар қатысты. Сол олимпиадада К.Жексенбаеваның шәкірттері қатысып 3 алтын, 1 күміс медаль иеленді, ал олимпиада нәтижелері ютуб каналынан көрсетілді. Олимпиада материалдары оқушыларымыздың электрондық почталарына келген, 9-сынып оқушыларына 160 беттен тұратын "Alchemist" атты әдеби шығармасы, авторы Пауло Коэльо және 2 сағаттық фильм ағылшын тілінде, ал 7, 8-сынып оқушыларына 90 беттен тұратын "Little Prince" атты авторы Антуан де Сент Экзюперидің шығармасы және 1 фильм жіберілген болатын. Оқушылар 10 күн ішінде осы материалдарды оқып, аударып, түсініп алулары қажет болатын. Бұл жетістіктер оңай келген жоқ. Бұл оқушы мен мұғалім арасындағы тығыз байланысты көрсетеді.



З.КУРИМБАЕВА,
әдістемелік кабинеттің әдіскері.

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫ ЖАНЫ ҚАЛАЙДЫ

«№21 Нұрлы жол жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің көркем еңбек пәні мұғалімі Сафарханова Тамара Оразбайқызы еңбек жолын 1989 жылы бастады. Содан бері Тамара апай тайай жетістіктерге жетіп, аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып мектебіміздің абыройын асқақтатып жүрген ізденімпаз, білікті ұстаз.

2021-2022 және 2022-2023 оқу жылында мектебіміздің атын республикалық деңгейге дейін танытып, бірнеше жетістіктерге жетті. Тамара Оразбайқызы «Qurtmet-AB» және «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Батихан АЛИПОВ,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.



БАҚЫТЫН ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН



Қ.Аманжолов атындағы жалпы орта мектебінің география пәні мұғалімі Қошқарова Ұлжан Қалауқызы педагогтер отбасында дүниеге келді. Мұғалім мамандығын таңдауына анасы ықпал еткен.

Мақалаға арқау болып отырған кейіпкеріміз – ұстаз Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ-ын жаратылыстану және ақпараттандыру факультетін бітірген. Алғашқы ұстаздық жолын Қ.Аманжолов атындағы №22 орта мектептен бастаған. Қошқарова Ұлжан Қалауқызы жұмыс барысында аудандық, облыстық байқаулардан жүлдері орындар алып келеді. 2021 жылы Әбу Насыр әл Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай өткізілген «Шығыстың ұлы ойшылы» атты облыстық ғылыми конференцияда баяндама оқып, Алғыс хатпен марапатталған.

Ұлжан Қалауқызы бақытын еңбектен тапқан ұлағатты ұстаз. Ұстаздың білім саласын жандандыруға қосып келе жатқан еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағалануда. Аудандық пән олимпиадаларында оқушылары, шәкірттері жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Б.ЕРКИНОВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.



БІЛІМІ, БІЛІГІ МОЛ

Мақтаарал ауданы Қ.Үкібаев атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Иманбердиева Гүлайым Назарқұлқызы 1986 жылы Ташкент педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 1987 жылдан бері Қ.Үкібаев атындағы жалпы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын шәкірттерінің бойына сіңіріп келеді. Білім нәрімен сусындаған шәкірттері аудандық, облыстық сайыстарда топ жарып жүлделі орындарды иеленіп, грант иегерлері атанып, қоғамда өз орындарын тауып, белсенді болып жүр.

Шәкірттері «А.Байтұрсынов – ұлтымыздың ұлы ұстазы» тақырыбындағы ғылыми жоба байқауына қатысып Құрбанбек Зарина

жүлделі 2-орынға ие болды. Оқушылар арасындағы ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінде шығармашылық ізденісі мен озық идеялары үшін Тұрсынбек Жанерке 2-орын иеленді. «Мағжан оқулары» байқауының аудандық кезеңінде Сапарбай Қуаныш 1-орынды иеленіп, Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Ақберен өнер байқауының «Ақындар мұшайрасы» сайысында Акашаева Әсемай 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. «М.Мақатаев» байқауының аудандық кезеңінің «Айтып өткен ақында араман бар ма?» номинациясы бойынша Сапарбай Қуаныш 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Гүлайым апай оқушыларды тұлға ретінде бағалап, бала жүрегінен жол таба білген ұстаз.

Бағила ТЫНЫСБАЙ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері.

ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Абилова Мухаббат апай Абылайхан атындағы №2 жалпы орта мектебінде 1997 жылдан бастап қазіргі таңға дейін өз мамандығы бойынша ұстаздық етіп келеді. Жемісті еңбегі бағаланып, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің Құрмет грамотасымен және «Қазақстан мұғалімі» газеті редакциясының Құрмет грамотасымен, 2018 жылы математика пәнінен мұғалімдерге арналған КИО I дәрежелі дипломымен, 2019 жылы Республикалық «BILGEN ALAMAN» олимпиадасының іріктеу кезеңіне мектеп оқушыларын дайындауда жоғары жетістіктерге жеткені үшін арнайы дипломмен және 2019 жылы Республикалық «BILGEN ALAMAN» олимпиадасының іріктеу кезеңіне мектеп оқушыларын жоғары дәрежеде дайындағаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. 2020 жылы «Тағылым» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының «Үздік педагогикалық мақала» республикалық конкурсының «Үздік сабақ жоспары» номинациясы бойынша I орын алғаны үшін, Қазақстан Республикасының «Qurtmet - AB» Қоғамдық бірлестігінің «Білім беру үздігі» медалімен, математика пәні бойынша Республикалық қашықтық олимпиадасының II дәрежелі дипломымен, «Үздік сабақ жоспары» III Республикалық педагогикалық сайысының III дәрежелі дипломымен, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқарма басшысы Р.Жолаевтың Алғыс хатын, пән олимпиадасынан шәкірті Айтбай Марлен II орын иеленгені үшін Мақтаарал ауданы әкімінің Алғыс хатын иеленді.

2005 жылдан бастап оқушыларды математика пәнінен ҰБТ-ке дайындап келеді. 2005 оқу жылынан 2022 оқу жылына дейін Бурибаев Ильяс, Бектемирова Маржан, Нұржанова Мадина, Мәуленова Ұлжалғас, Төребеков Нұрлан, Алхаров Абылай, Исакулова Мадина, Алимхан Әмина, Шалқар Аружан, Үмбетов Бағдат, Маханбет Ермахан сынды оқушылары ҰБТ-де математика пәнінен жоғары көрсеткіш көрсетіп, мектепті «Алтын белгіге» аяқтады.



Ұ.ИСЛАМОВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ ЖОҒАРЫ

Сарсенбаева Гүлшат Көбейқызы 1992 жылы Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы ШПИ-ды математика мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1995 жылы Мақтаарал ауданына қарасты Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектепте бастады. 2005 жылы осы мектепте директорың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалып,



2012 жылға дейін осы сала бойынша өз қызметін абыроймен атқарды. Өзінің білімі мен дағдысын үздіксіз дамытуға құштар Гүлшат Көбейқызы бүгінгі таңда еңбегінің жемісін көріп отырған ұстаздардың қатарында. Ол аудандық «Озат тәжірибе-2019» математика пәні мұғалімдерінің «Ең білімді педагог» атты I облыстық олимпиадасында I орынды жеңіп алған. Аудандық семинарда үздік сабақ үлгісін көрсеткені үшін, «Үздік сабақ-2019», «Үздік сабақ-2020» I дәрежелі дипломдарымен, Республикалық «Ұстаз жолы» қоғамдық қорының шешімімен «Елеулі еңбегі үшін Ы.Алтынсарин» медалі, «Педагогтың кәсіби шеберлігін арттыру білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу факторы» тақырыбында өткен аудандық слётте өзінің кәсіби шеберлігі мен теориялық дайындығы үшін «Іс-әрекеттерді зерттеу сабағы» бойынша I дәрежелі диплом, «Үздік педагог-жүрегіңді әлемге аш» тақырыбында педагог-шебер, мұғалімдер арасында өткен байқауда өзінің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденістері үшін Алғыс хат, «2020-2021 оқу жылының ерекшеліктері» тақырыбында педагог қызметкерлерінің облыстық тамыз конференциясында озық идеялары және тәжірибесімен бөліскені үшін мадақтама, жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған. 1989 жылы тұрмысқа шықты. Қазіргі таңда 3 ұл, 1 қыздың анасы, 8 немеренің әжесі. Жас ұрпақты тәрбиелеуде көшбасшы маманымыз Гүлшат Көбейқызы бұдан да биік белестерді бағындырады деген сенімдеміз.

Нұрсұлу МЫРЗАЛИЕВА,
аудандық білім бөлімінің математика пәні әдіскері.

1916 жылғы Торғай көтерілісінің бас сардары Аманкелді ИМАНОВТЫҢ туғанына - 150 жыл

АМАНКЕЛДІ БАТЫР ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ



Үдербайдың ағасы Балық (Бердіқожа) 1903 жылы 83 жасында қайтыс болған. Одан көп ұрпақ тарайды. Үдербай дүние салғаннан кейін үш жылдан соң Балық Қалампырды өмеңгерлікпен алып, Есентай деген бала туады. Ол 1884 жылы Терісбұтақта туып, 1933 жылы Шымкент облысы, Мақтаарал ауданында қайтыс болған. Есентай Амангелді қайтыс болғаннан кейін оның әйелі Балымға үйленеді. Одан Рақым (1927), Рақымқұл (1930) туады. Рақым 2012 жылы, ал, Рақымқұл 2021 жылы қайтыс болған. Екеуінен де көп ұрпақ тараған.

Аманкелдінің анасы Қалампыр Қақуқызы (1849-1926) күйеуі Үдербайдан 30 жасында жесір қалады. Ол өте қайратты, денелі кісі болыпты. Ұлдарына жақсы тәрбие береді. Аманкелдіні өзінің туысқаны Бердікей ишанның медресесіне оқуға (1881-1887) береді. Сөйтіп, Аманкелді аталған мешітте оқып, мұсылманша сауатын ашады.

Аманкелді ер жеткен соң Рахмет болыстың және Тоқпан Таутабай байдың жалшысы болады, солардың қойларын бағады. Одан соң ел ішіндегі әралуан шаруаларға араласып, алғырлығымен, өткірлігімен, жігерлілігімен көзге түседі. Аманкелдіге атасы Иман туралы көп әңгімелер айтып, тәрбие берген әкесінің ағасы Балық Иманұлы.

Келе-келе Аманкелді Терісбұтак, Жыланшық, Батпаққара, Торғай өңіріндегі белді азаматтардың біріне айналады. Ол жалшыларын қанаған байларды қыспаққа алады. Елде әділеттіліктің орнауына күш салады. Байлар еш амал таппағандықтан онымен санасатын болады. Дегенмен, олар да қарап жатпайды, Аманкелдіні қаралап, уезге арыз жазып, түрмеге де қаматады. Алайда, Аманкелді бұл қиянаттардың ешқайсысына жасымайды, қайта өзінің әділдігімен бұқара халықтың құрметіне бөленеді. Байлардан беделі еш кем болмайды. Халық оны Иман батырдың немересі деп ардақтайды. Енді оның есімін бүкіл Торғай, Қостанай өңірі жақсы біледі. Сондықтан

Аманкелді Иманов – 1873 жылы 3 сәуірде Иман батырдың қарашаңырағында дүниеге келді. Әкесі Үдербай момын шаруа адамы болыпты. Аяп Нұрқановтың жазуынша, «Үдербай жарғақ құлағы жастыққа тимей, қысқы аяз, үскірік боранда мұз ойып, балық аулады. Жазда кетпен шауып, егін салды, оны шелектеп суарды, кейде жаяу шығып, аң да аулап жүрді. Осындай ауыр азаптан Үдербай ауруға шалдықты, төсек тартып жатып қалатын болды. Үдербай науқастан 1879 жылы 51 жасында қайтыс болып, Қалампыр шиеттей үш баламен жесір қалады» (А. Нұрқанов. «Дала қыраны». 3-4-беттер).

болар, 1916 жылғы құрылтайда Әбдіғапар хан оны халықтың қалауымен сардар етіп тағайындайды. Ол өзіне үміт артқан халықтың сенімін артығымен ақтап, қаһарман қолбасшы дәрежесіне көтерілді.

1916 жылы Торғай уезінің ел ағалары мен ақсақалдары патшаның 19-31 жас аралығындағы жастарды қара жұмысқа алу туралы жарлығына қарсы шықты. Аманкелді Үдербайұлы халық арасынан шыққан батыр болатын. Аманкелді көтеріліске коммунистік-кеңестік өкіметті орнату үшін емес, халқының азаттығы үшін шықты! Өкінішке қарай, коммунистер осы ақиқаттың өңін айналдырып жіберді. Анығында Аманкелді Иманов 1916 жылы көтеріліске шыққанда 1917 жылы Ресейде ақпан көтерілісі болатынын білген жоқ. Ол ұлтын ақ патша отарлығынан құтқару үшін атқа қонды.

Аманкелді көтеріліс барысында ержүрек батыр ғана емес, қолбасшы-көшбасшы бола білді. Қарулы қақтығыстарды түрлі айла-тәсілдермен

Олардың көпшілігі ыстық ауа райынан, материалдық-тұрмыстық тапшылықтан қайтыс болған. Батырдың жары Балым оңтүстікте, оның ішінде Мақтаарал ауданында 1933 жылы қайтыс болған. Балымнан туған 2 баланың бірі қазақ, бірі өзбек отбасыларында тәрбиеленген. Батыр әулеті көшегі аштық, соғыс жылдарында күнкөріс қарекетімен бірінен-бірі ажырап та қалған. Араға бірнеше жыл салып бірін-бірі іздеп тауып, бүгінде ұрпақтары бұтағын жайған бәйтеректей еліміздің бірнеше аймақтарында өмір сүруде.

Аманкелді әулеті ұрпақтарымен Шымкент қаласында орналасқан «Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Гүлнар Сәдібекқызы Шардарбекованың жетекшілігіндегі жұмыс тобы мүшелері зерттеу жұмыстарын



Суретте: Рахымбай мен Аманкелдінің ұлы Шәріп.

ұйымдастырып, жеңіске жетіп отырды. Осылайша көтерілісшілерді рухтандыра білді. Көтерілісшілер Аманкелдіге зор сенім артты.

Ғылыми әдебиеттерге зер салып зерделеу барысында жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына жиган батырдың өліні сүйген елжанды, ұлтын ұлықтаған ұлтжанды, толыққанды патриот азамат екеніне көз жеткізесіз.

Даңқты батырдың өмірі өз дәуіріне сәйкес қайшылықтарға толы болды. Алайда, ол қанша қудаланса да, түрме көрсе де жасымайды, мойымайды. Бар өмірін кейінгі ұрпақтың азат та тәуелсіз өмір сүруі үшін сарп етті. Азаптап өлтірілді. Бірақ, даңқты батырдың ерлігін ұрпағы да ұмытпақ емес. Есімін қастерлейді. Батырдың балалары мен туған-туыстарының бірнеше отбасы солтүстіктен оңтүстікке оның ішінде Мырзашөлге 1928-32 жылдарда ауа көшкен.

жүргізуде. Зерттеулер әлі де жалғасуда. Әулеттің үлгілі еңбегімен елге танылған тұлғаларына «Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде арнайы архивтік қор 2022 жылдың наурыз айынан бастап ашылған. Онда зерттеулер бойынша құжаттар өткізіліп, мемлекеттік тіркеуге алынған.

Қор иесі Имановтар әулетінің тікелей ұрпағы, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері Нұрақов Рахымбайдың 1926-2012 жж., 1951-2012 жж. «Әмірбаяндық құжаттары», 1981-2004 жж. «Марапаттары туралы құжаттары», 1945-2011 жж. «Фото-құжаттары» №199 қор, №48 тізімдеме бойынша аталмыш мұрағатта сақтаулы.


Әулетте қазір 100-ден аса ұрпақ (бала, немере, шөберелер) тәрбиеленуде. Солтүстік аймақтағы туған-туыстарымен

қатысулары өз алдына бір қуаныш, әрине. Баршасының өзегін өртейтін бір өкініштері – аштық жылдарында Өзбекстан елінде, өзбек отбасында тәрбиеленген батырдың бір ұрпағы – Рақымның өзінің де, ұрпақтарының да төлқұжаттары бойынша өзге елдің азаматы болып жазылып кеткендігінде болып тұр. Өзегін өртеген өкінішпен Рақым аға өзге елдің азаматы болып өмір сүрген, Елтаев Рахымқұл Есентайұлы (1928-2021 жж.) тоқсаннан асқан шағында өмірден озды. Ал, оның туған ағасы Нұрақов Рахым Есентайұлы (1926-2012 жж.) оңтүстіктің Жетісай аймағында бала-шағасымен берекелі өмір сүрді. Талай рет журналистерге сұхбат берген ағайынды бауырлар көздері тірісінде орындалмаған, яғни біздің елдің заңына сыйыспайтын бір армандарын соңғы рет жергілікті басылымға берген сұхбатында сол өзге ұлт боп жүрген бауырларының төлқұжатын «қазақ» етудің жолы табылса екен деп кейінгілерге аманат етіп, өмірден озыпты. Осындай аманатты артына қалдырған Нұрақов Рахымбайдың туған бауырының ұрпақтарына деген жанашырлық сезімін «Сана kz» газетінің 2008 жылғы №108 (192) санында Әлмахан Исаховтың авторлығымен жарияланған «Тағдыр толқындары» атты мақаласы арқылы білуге болады.

Рақымбай Нұрақов сол сұхбатында өзінің өміріне ризашылығы мен өткен шақтың орны толмас өкінішіне де тоқталып өтіпті.

– Мен тағдырыма ризамын. Шүкір, тоғыз ұл-қыздан тараған ұрпақ сексенге таяу болса, Рақымқұлдың да тоғыз ұл-қызынан тараған алпыстан астам немере, шөберелері бар. Өткен жылы қазақтың мақтанш тұтар әр саладағы перзенттері мен мемлекет қайраткерлерінің суреті басылған қазақ фотожурналистика саласындағы ең алғашқы үлкен «Қас қағым сәт» деген кітап шықты.

Осы кітапқа Рақымқұл екеуіміздің суретіміз басылыпты. Бұл, біріншіден, Аманкелдіге деген үлкен құрмет болса, екіншіден, оның ұрпақтарының мақтаншы. Армансыз адам жоқ қой. **Әкем Есентай мен анам Балымның бұрынғы**



2023 жыл, тамыз айы. Қостанай облысы, Аманкелді ауданында батыр ұрпақтары бас қосқан сәт.

Мақтаарал ауданының «Коммунизм» кеңсарының «Жантақсай» бөлімшесінде сүйегі қалғанын білсек те, орны белгісіз болғандықтан, басына белгі қоя алмадық.

Әйтеуір, құранмен жоқтаймыз. Мен Нұрақов болып жазылсам, туған інім Шертай Елтаев ұрпақтарының төлқұжатында түгелдей дерлік ұлты өзбек болып жазылған. Ең болмаса шөберелердің тегін әкеміздің атына көшірсек дейміз. Бірақ оған заң бойынша мүмкін емес екен. Осы мәселе жөнінде Әділет министрлігі көмектессе екен деген тілек бар.

Иә, «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ» деген осы екен. Бізді елге танытқан журналистерге ризамыз. Тәуелсіздік куәсі болдық, бауырлармен табыстық. Біз үшін бұдан артық байлық та, бақыт та жоқ, – деп аяқтаған екен сөзін Рақымбай Нұрақов. Иә, біздің халқымыздың басынан кешкен зұлмат жылдар зардаптары Имановтар әулетіне де осындай ақтандақ іздерін қалдырған екен. Ал, тарихтың әрбір сәті кейінгі ұрпаққа, яғни бізге сабақ болуы тиіс.

1916 жылғы Торғай көтерілісінің бас сардары Амангелді Имановтың 150 жылдығына арналған мерейтойдың басы биыл сәуірде Астанадан бастау алып, еліміздің бірқатар өңірінде өткен батырдың ерлік

өнегесін дәріптеу, рухына тағзым ету іс-шараларына ұласты. Енді, міне, қыркүйектің үші мен тоғызы аралығында ел басына күн туған тағдыршешті кезеңде жасындай жарқ еткен алдаспанның сынығы, тұлпарлардың дүбірі қалған дархан Торғай даласында, байтақ Батпаққара өңірінде аталған мерейтой аясындағы тағылымды іс-шаралардың қорытындысы іспеттес торқалы той, алқалы жиын өтті.

Дүбірлі тойдың алғашқы күні Амангелді ауылының шетіндегі «Тойтөбе» ипподромында көкпар, аударыспақ, арқан тартыс секілді ұлттық спорт ойындары басталды. Түстен кейін мәдени іс-шаралар басталып, Қостанайдан арнайы келген І.Омаров атындағы қазақ драма театры Ө.Әбілтаевтың «Қаһарлы 1916 жыл» атты драмасын сахналады. Бесін ауа республикалық ақындар айтысының ашылу рәсімі өтті. Осы күннің қоңыр салқын кешінде алыс-жақыннан келген ағайын орталық стадионға жиналып, жергілікті ұлт-аспаптар оркестрі мен аудан өнерпаздарының «Амангелді дүбірі» атты мерекелік концертін тамашалады.

9 қыркүйекте таңертең Амангелді тұрғындары Атбасардан шыққан велошеруді қарсы алды. Батырдың 150 жылдық мерейтойына орай, Атбасардан шығып, бес тәулік ішінде 454 шақырымды жүріп өткен әуесқой спортшылардың қатарында 78 жасқа келген қарт велошабандоз Түгелбек Қасымов та бар. Батпаққара кіндігіндегі мерекелік іс-шаралар Амангелді ескерткішінің басында жалғасты. Биыл облыс бюджетінен 103 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, азаттық алдаспаны ескерткіші қайта жаңғыртылып, айналасы абаттандырылғанын да айта кеткен жөн. Мұнда құран оқытылып, батырдың рухына дұға бағышталды. Тағзым ету іс-шарасына облыс әкімі Құмар Ақсақалов пен Астана, Алматы қаласынан арнайы келген игі жақсылар да қатысты. Құран оқытылып болған соң меймандар А.Иманов атындағы музейге бас сұғып, Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты тарихи жәдігерлермен танысты.

Жиында Амангелді Имановтың немересі, техника ғылымдарының кандидаты Батырлан Рамазанұлы, Жетісай ауданы, Ж.Ералиев ауылдық округінен, қаһарман А.Имановтың ұрпақтары Айша Рахымбайқызы Нұрахова, інісі Мұхаммед пен сіңлісі Күлзиялар аталарының тойын жоғары деңгейде ұйымдастыра білген өңір басшыларына, ел-жұртқа алғыс айтып, Амангелді тұлғасына жаңаша көзқарас қалыптастыруға негіз салатын зерттеу кезеңі басталғанын айтты. Мерейтой соңында Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай жарық көрген «Ұлты ұлықтаған батыр» жинағының таныстырылымы өтті.

Сәбит ҚАЛДЫБАЕВ,
журналист.

■ Сұхбат

ЖЕТІСАЙ ТЕАТРЫ - МЫРЗАШӨЛДІҢ БАҒЫ

Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының директоры Орал КАМАЛ мырзамен сұхбат



– Орал мырза, Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының директоры қызметіне тағайындалғаныңызға көп болған жоқ. Дегенмен, театрдың тарихымен, өткен жылдардағы жетістіктерімен танысқан боларсыз?

О.Камал: -Ия. Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры Оңтүстік Қазақстан облысы Жетісай ауданы Жетісай қаласында орналасқан. Жетісай театры өз шымылдығын 1969 жылдың 18 қаңтарда қазақ әдебиетінің классигі Б.Майлиннің «Жалбыр» музыкалық драмасымен ашқан болатын. Режиссері Қасымхан Шанин, басты рольде Жәніс Қарғабаев ойнады. Театрдың ашылуы аудан көлемінде ғана емес, бүкіл Оңтүстік Қазақстандағы елеулі оқиға болды десек жаңылмаймыз. Жетісай театры Республикамызда өзіндік шығармашылық қолтаңбасы бар, биік көркемдік дәрежедегі өнер шаңырағы екендігі анық. Оның дәлелі, 1978 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің №383 қаулысымен Жетісай қазақ – музыкалы драма театры Қазақ ССР-нің халық әртісі, ССРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қ.Жандарбековтың атымен аталуы болатын. Бүкілодақтық театрлар байқауының екі рет дипломанты атанса, Алматыда өткен он күндіктің қорытындысы бойынша Қазақ ССР жоғарғы советінің «Құрмет грамотасымен» наградталды. Күні кешегідей көрінгенімен 55 жыл театр ұжымы үшін үлкен бір шығармашылық белес болып табылады.

Театрдың іргетасын өңірдің біртуар саңлақтары; Қасымхан Шанин, Мұхтар Өтебаев, Тасболат Баимбетов секілді өнер десе ішкен асын жерге қоятын кісілер қалады. Мәскеу мәдениет институтының түлегі марқұм Алтынбек Оңалбаев ширек ғасырдан астам уақыт Жетісай театрының бас режиссері қызметін тапжылмай атқарды. Олардың ұлағатты істері мәңгі есте.

Театрдың 1991-2021 жылдар аралығындағы жетістіктеріне келетін болсақ. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары экономика құлдырап мәдениетпен өнерге оның арасында театр саласы үлкен қиыншылықтарға тап болғаны белгілі. Осы уақыт ішінде театр қазақ, өзбек, орыс, қырғыз және шет елдер драматургтерінің 200-ден аса драмалық, комедиялық, трагедиялық сан алуан дүниелерді сахналастырды, сан мыңдаған көрерменнің ықыласына бөленді. Республикамыздың көптеген облыстарында, көршілес ТМД елдерінде болып, талғампаз Астана, Алматы көрермендерімен де бірнеше рет жүздесіп спектакльдеріміз жоғары бағаланды. Ал, 2022 жылы 10 ақпан күні Е.Аманшаевтың «Қайдасың?» (Балкон) мелодрамасының премьерасы өтті. Қоюшы режиссері Б.Ербатша, қоюшы суретшісі Х.Байтелиев. Ө.Пістебектің «Қынсыз қылыш Құрманбек» драмасының премьерасы 5,6-мамыр күндері өтті. Қоюшы режиссері Т.Ахмет (халықаралық фестивальдердің лауреаты), қоюшы суретшісі Х.Байтелиев. 17-маусым күні Д.Исабековтың «Актриса» драмасының премьерасымен театрдың 53-маусымының жабылуы өтті. Қоюшы режиссері А.Қалыбеков (келісім шарт бойынша), қоюшы суретшісі Б.Срайлов (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері). Премьераға Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрының көркемдік жетекшісі Б.Құрманқожаев (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері), директор орынбасары Т.Ахметов және бір топ театр әртістері, Жетісай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Махамбетов (ҚР мәдениет қайраткері), театр ардагері Ұ.Базарбаева (ҚР мәдениет қайраткері) қатысты.

Түркістан облысы мәдениет басқармасына қарасты «Түркістан музыкалық драма театрының» арнайы шақыру хатына сәйкес, өзара әріптестікті жалғастыру, тәжірибе алмасу мақсатында келісімдері бойынша, театр әртістері А.Өтебеков, Б.Қалдарбекова А.Нүсіптің «Мағжан» спектакліндегі рөлдерге бекітіліп, қойылымның премьерасында рөлдерін ойнап қайтты. 30-қараша күні

Шымкент қалалық орыс драма театрында «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Б.Срайловтың «Кеңістік» атпен театр сәндік және бейнелеу өнері көрмесі аясында шығармашылық кеші өтті. Театр әдебиет бөлімінің меңгерушісі Ө.Пістебектің «Жаңа жылдық шырша» атты балаларға арналған мерекелік шоу бағдарламасы сахналастырылып, балғын көрермен назарына ұсынылды.

Ал, енді театрдың жетістіктеріне келсек, «Халықаралық театр күні» мерекесіне орай әртіс Қ.Қасымбеков, театр әртісі Ш.Айдынбекова, костюмдер цехының меңгерушісі С.Түкібаева Қазақстан театр қайраткерлері Одағының «Дара» төсбелгісімен марапатталды. 21-мамыр «Мәдениет және өнер қызметкерлері күні» мерекесіне орай театр әртісі А.Өтебеков, 25-қазан «Республика күні» мерекесіне орай театр әртісі Б.Баймағамбетов ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 21 мамырдағы №899 жарлығымен Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының сол кезеңдегі директоры Срайлов Бақыт Бекмырзаұлына «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Сонымен қатар Б.Срайлов «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының заңғар жазушы Ш.Айтматовтың 90 жылдығына арналған медалімен марапатталып, Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан ұйымы Басқарма Кеңесінің 2022 жылғы 14 қазан шешімімен Қазақстан Көркем Академиясы Түркістан ұйымының Толық мүшесі (Академигі) болып сайланды.

– Жаңа басшы жаңа идеялармен жарақтанып келген бе, жоқ па деп көпшілік әр ісіңізге сын көзбен қарап жатқан болар. Жалпы, айтылған сынды қалай қабылдайсыз?

О.Камал: – Осы жылы қызметке тағайындалған соң бірінші кезекте театр ұжымынан еңбек тәртібінің сақталуын өтіндім. Өр бас қосқан сайын театр мемлекеттік мекеме екендігін, сондықтан Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңында тәптіштеліп түсіндірілген, еңбек тәртібі туралы баптармен таныстырып отырдым. Мұндағы мақсат - жұмыс өнімді әрі сапалы болуын қамтамасыз ету. Өйткені, театр адамдардың спектакльдерден рухани азық алатын, іштей ой түйетін, жанын жақсылыққа жанытын орыны. Осы орайда нешеме спектакльдер қойылды. Өлі де қойылады. Негізгі жұмыс осы болғандықтан мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржыға сахнаны барынша табиғи сипатта, яғни көрерменге сенімді сурет туғызу мақсатында әдемі безендіруге, әртістердің спектакль оқиғасына, уақытына сай киюіне, музыкасына ерекше көңіл бөлінеді. Әрине, мұндағы ең басты талап-қай деңгейдегі рольді ойнамасын әртис шынайы образ жасауы тиіс. Сондықтан театр әртістері әр спектакльге көп уақыт бөліп, образды ашуға мол күш-қайрат жұмсап, ізденіс үстінде жүреді. Театрдың бүкіл ұжымы спектакльдің көрермен талғамынан шығуы үшін жұмыла жүк көтергендей бірлік пен татулықты ту етіп еңбек етеді.

2023 жылы Түркістан облысының құрылғанына 5 жыл толды. Осы орайда Түркістан шаһарында әр ауданның бесжылдыққа тарту ретінде «Өнерлі өлке» фестиваліне қатысып, өнер көрсетуі, ұлттық спорт түрлеріне қатысуы болды. Жетісай ауданының атынан біздің театр да қатысып, шаһардағы «Фараб» әмбебап ғылыми-көпшілік кітапханасының сахнасында театр әдебиет бөлімінің меңгерушісі Ө.Пістебектің қазақ халқының дарынды ұлы Құрманбек Жандарбековтің өмірі мен шығармашылығын толғауын «Қынсыз қылыш Құрманбек» драмасын қойдық. Көрермен жылы қабылдады. Өйткені, әртис туралы драма жазу өте қиын. Сондықтан болар атын иемденген театрда 55 жыл өткен соң бірінші рет ол кісі туралы спектакль қойылуы шынында да жаңалық еді.

Тамыз айының 14 күні театр сахнасында заңғар жазушымыз М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалы комедиясының премьерасы өтті. Патша көңілді көрермен үлкен ілтипатпен қабылдап, соңыра сахнада, сосын интернет желісінде жылы пікірлерін, игі тілектерін қалдырып жатты. Әрине, бұл-еңбектің еленгені, күшімізге күш қосқаны, үкілі үмітімізді желбіреткені деп шабыттандық. Ал, жас балғын көрермендерге арнап С.Михалковтың «Екі торай» қуыршақ спектаклін ұсындық. Жарты сағаттық спектакльді балғын көрермендер қызыға тамашалап, күліп-ойнап қуанып, көңілді тамашалады. Ал сынға келсек-орынды айтылған сынды жүрегіммен қабылдаймын. Яғни, сүрінбейтін тұяқ жоқ дегендей, пендеде өмір болған соң қателесу болады. Сындай түзеуге, жұмысты жақсартуға ұмтыламын. Мұндайда «Сын түзелмей-мін түзелмейді» дейді ғой халқымыз. Ал, орынсыз, көпе-көрнеу жала жауып, оны сын ретінде көпшілікке ұсынған әдісті ашығы керек-жақтырмаймын. Шынымды айтсам-жүректі ауыртады. Мұндай «сын» ұжымды, соны оқыған адамдарды жолдан адастырады, бір адамға, тіпті бүкіл ұжымға деген сенімге селкеу түсіреді.

- Алдағы жоспарларыңыз қандай? Оқырмандарымызға бөлісе отырсаңыз.

О.Камал: - Қазақстанда қанша аудан болса соның бірде біреуінде Жетісай драма театры сияқты кәсіби театр жоқ.

Бұл Мырзашөл өлкесінің бір пұшпағы деп аталатын Мақтаарал, Жетісай аудандарының 400 мыңға таяу тұрғындарының бағы. Жетісай театры ғимаратының өзі неге тұрады. Осы өлкенің бренді емес пе? Сосын Түркістан облысындағы бірден бір қара шаңырақ болып отыр. Яғни, облысымызда үш театр болса, соның бірі - 55 жылдық тарихы бар осы Жетісай драма театры. Осыны ескере келе театр репертуарын байыту мақсатында 2023 жылы орыс драматургы А.Володиннің «Махаббат бер!..», А.Баймухан-метовтің «Тастамашы анашым!» драмаларын сахналас-тыру үшін театрға М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының қоюшы режиссері, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының оқытушысы, белгілі режиссер А.Оспанбаеваны шақырдық. Қыркүйек айының 4 күні театрымыздың 55-ші маусымының ашылуы болды. Міне, сол күні «Махаббат бер!» драмасын көрермен назарына ұсындық. 11 қыркүйек күні жетім балалар үйіндегі қиыншылығы мен қысағы көп тіршіліктен сыр шертетін «Тастамашы анашым!» драмасын көрермен назарына ұсындық. Патша көңілді көрермен жылы қабылдады. Кейінгі кезекте драматург В.Орловтың балаларға арналған «Алтын балапан» ертегісі, драматург Г.Хугаевтың «Қара шекпен» әпсанасы, америкалық драматург У.Сароянның «Жұмақтағы жасын» криминалды драмасы сахналанады. Сосын шет елге гастрольдік сапармен шығу жоспарымызда бар. Бұл тарапта келіссөздер, мәмілелесу дегендей алғышарттар жасалыну үстінде. Алдағы уақытта туған еліміздің бірнеше облыстарына барып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген бірқатар спектакльдерді қоймақпыз. Жоспар, ой үдесінен шығу мақсатында қазір үлкен ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Қыркүйек айының басында Жетісай драма театры басшылығы мен әртістері бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, баспасөз мәслихатын өткізді. Кездесу барысында Жетісай драма театрының 2023-2024 жылдарға арналған жоспары, олардың орындалуы, бүгінгі таңда атқарылып жатқан негізгі жұмыстар талқыланды.

-Фейсбуктегі театр сайтында 5 мыңдай, инстаграмда үш мыңдай оқырмандарыңыз бар екен. Бұл қуанарлық жәйт. Сосын сайттарыңыздан келесі жылы театр ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүреді деген ақпаратты оқып қалдық.

О.Камал:- Ия, 2024 жылы 55 жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген театр ғимаратын жөндеу үшін құрылыс жұмыстары жүреді. Қазір сараптамалық –сметалық бағалау, зерделеу шаралары атқарылып жатыр. Оған қуанбасақ, еш ренжімейміз. Өйткені, театр ғимараты заманауи реңк алып, Мырзашөл өлкесінің де тұрғындарына қуаныш сыйлайды деп ойлаймыз. Ал, біз өз тарапымыздан жаңа, сапалы, ойлы әрі қызықты спектакльдерді ұсына береміз деп көрермендерді сөндіреміз.

Өнерді жанындай сүйген адамдар ортасында өмір сүргендіктен болар сайтымыздағы оқырман саны едәуір. Қып еткен жаңалығымызды театрсүйер жандармен бөлісек деп отырамыз. Сондықтан болар фейсбуктегі, инстаграмдағы оқырмандарымыз да белсенді әрекет етіп, позитивті пікірлерін білдіріп, ұсыныс-ойларын да айтып жатады. Оларға рақметтен басқа айтарымыз жоқ.

-Кәсіби театр бағын жандыру үшін нендей жұмыстар атқарылуы тиіс деп ойлайсыз?

О.Камал: -Біріншіден, маман кадрлар керек. Бұл мәселені шұғыл қолға алдық, қазір төрт кәсіби жас әртис жұмысқа қабылданды, ендігі кезек көркемдік жетекші, яғни бас режиссер лауазымына хабарландыру жариялап, қызметке шақырып жатырмыз. Яғни, кәсіби театр болғандықтан оған да кәсіби, тәжірибелі режиссер керек. Себебі, режиссер және әртис театрдың діңгегі.

-Театр деп нені түсінесіз?

О.Камал: -Театр мен киноның айырмашылығы-сіз театрда көресіз, ал кинода сізге көрсетеді. Театр –адамның өзін-өзі сахнадан көріп, өзін-өзі түсінетін орын. Театр дайын драматургияны қойып беру емес, ондағы оқиғалардың неге олай болғаны жайында ойлану. Сахнадан адамды емес, актерды көрсетпесіңіз. Міне, Александр Адабашьян, Григорий Ревзин, Тагаси Судзуки, Василий Ключевский деген театр майталмандары айтып кеткен ақыл-нақылдар.

-Театрға классиканы көбірек қою керек деп жатады. Осы айтқанға келісесіз бе?

О.Камал: -«Егер театрда тек классика ғана қойыла берсе, онда театрдың өлгені» депті театр саласының жанашыры, күре жол салушысы Владимир Немирович Данченко ақсақал. Сондықтан классикамен қатар драмалық, комедиялық жанрларда да спектакльдер қоямыз. Бәрінен өмір, тіршілік бар, адамдардың адамдармен қарым-қатынасы бар, күлу, қиналу, қуану дегендей адам кейпін ашуға сеп болатын жақсылы –жаманды оқиғалар бар. Осыны меңгеру әртістің ісі. Ол шынайылыққа жатады. Ал, шынайылықты көрермен көрген кезде өзгеше күйге енетіні ақиқат. Міне, осы мақсатта бәріміз бір адамдай іс атқарып жатырмыз.

-Еңгімеңізге рақмет, еңбектеріңіз жана берсін! Сұхбаттасқан Ө.ЕРКЕБАЙҰЛЫ.

● ПОЭТИКАЛЫҚ МАРАФОН

«АҚЫН – ЕЛДІҢ АРДАҒЫ»

Жуырда жергілікті ақын Жамалбек Ақылбайұлының туылғанына 85 жыл толуына орай Ақжол ауылдық кітапханасында «Нұрлы жол» жалпы орта мектебінің 7 сынып оқушыларының қатысуымен «Ақын – елдің ардағы» атты поэтикалық марафон өтті. Кеште алдымен осы жолдардың авторы ақынның өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталды. Талай жыл Мақтаарал өңірінің өркендеуіне үлес қосқан Жамалбек Ақылбайұлы жауапты қызметтерді абыроймен атқарды, сонымен қатар бойына біткен талантты ақындықты да қатар алып жүрді. Жерлес ақынымыздың көзі тірісінде бірнеше кітаптары жарық көрді. Аудан, облыста, Алматы мен Астана қаласында әдеби көштері де өтті. Бүгінде Ж.Ақылбайұлының өлеңдерін көпшілік сүйіп оқиды.

Іс шара барысында Жақсылық Сымбат, Қалыбай Дарья, Майлыбай Айкен, Құрбанбекова Ақбота, Қондыбаева Мерейлер ақынның өлеңдерін мәнеріне келтіре жатқа айтты. Кешке қатысқандар жерлес ақынның өлеңдерінен сусындап, рухани азық алды деп ойлаймын. Жалпы поэтикалық марафон есте қалардытай өтті.

Күлзада МАХИДОВА,

Ақжол ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Ботабек ЖҰМАТҰЛЫ



Үстіміздегі жылы 26 қыркүйекте Мырзашөлдің абыз ақсақалы, асқар тау өке, адал жар, ұлағатты ұстаз, қарымды журналист, еңбек ардагері, Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы Ботабек Жұматұлы ағамыз өмірден озды. Ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі абзал азамат бүкіл саналы ғұмырында ел үшін аянбай еңбек етті. Халықтың, елдің алдында сыйлы, абыройлы болды.

Б.Жұматұлы 1942 жылы 23 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, А.Қалыбеков ауылдық округі, Үлгілі ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Шымкент педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Алғашқы еңбек жолын Ленин атындағы кеңшарда механизатор болып бастады. 1965-1967 жылдары С.Сейфуллин атындағы орта мектепте мұғалім, мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары, 1967-1973 жылдары «Мақтаарал» газеті бас редакторының орынбасары, 1973-1981 жылдары Мақтаарал аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, 1981-1992 жылдары «Новый путь» кеңшары партия комитетінің хатшысы, 1992-1994 жылдары Жаңа жол ауылдық Кеңесінің төрағасы, Жаңа жол ауылының әкімі, 1994 жылдан бастап бірінші шақырылымдағы Мақтаарал аудандық мәслихатының хатшысы болып істеді. Үш мәрте аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды.

Өзінің мол тәжірибесін, өмірден түйгенін жастарға айтудан, білгенімен бөлісуден жалықпаған Ботабек ағамыз Президенттің бірнеше рет Алғыс хаттарымен, «Ерен еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталды. Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы.

Елдің қадірлі ақсақалы Ботабек Жұматұлы ағамыздың отбасына, барша туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып шын жүректен көңіл айта отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, алды – пейіш, арты – кеніш болсын дейміз. Ағамыздың жарқын бейнесі жадымызда ұзақ сақталады.

Б.АСАНОВ, Қ.СӘРСЕКБАЕВ, Б.ТӨРЕБЕКОВ, Н.САТТАРОВ, А.ЕШАНҚҰЛОВА, М.СӘРСЕНОВ, Н.АТАҚҰЛОВ, С.ОҢҒАРОВ, Қ.ХАМЕТОВ, М.ЕРДЕШОВ, Ш.ҚҰРБАНБАЕВА, М.БИТЕМІРОВ, П.ЕСЕНБЕКОВ, Қ.БЕЙСЕНБАЕВ, С.ҚАЛДЫБАЕВ.

● ҚОҒАМДЫҚ ДЕРТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ мәселе.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» түсініледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам құлпытқандығына және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын өнгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді.

Ж.ТОКБЕРГЕНОВ,

"Мақтаарал аудандық Мансап орталығының" маманы.

РЕТРО ФОТОАППАРАТ КӨРМЕСІ

Түркістан облысының мақта шаруашылығы тарихы музейінде «Сәтті тоқтатқандар» атты ретро фотоаппараттар көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Кеңес одағы кезіндегі қолданыста болған фотоаппараттар қойылды. Кеңес одағы кезіндегі музей қорында сақтаулы тұрған фотоаппараттарды келіп көрулеріңізге, мәлімет алуларыңызға болады.

Күні кеше ғана аға буын өкілдері «Зенит», «ФЭД» немесе «Смена» маркалы кеңестік фотоаппараттардың түссіз пленкасын пайдаланып жүрді. Фотоаппараттардың шығу тарихына үңілсек. XVII ғасырда белгілі астроном Иоганн Кеплер суретті тегіс беттің үстінде жобалау бойынша тәжірибелер жүргізе бастайды, бұл мақсатта ол оптикалық әсерде жарықтың сыну заңын қолданды. Дегенмен мұндай суретті шығару Жозеф Нисерфор Ньепстің қолынан келді. Бұл оқиға XIX ғасырдың 20-жылдары болды. Суретті басып шығару үшін Жозеф материал ретінде асфальт лагын қолданды. Дәл осы құрылым тарихтағы бірінші фотоаппарат саналады. Ал Уильям Тальбот оның негативін алып, суреттің сапасын айтарлықтай жақсартып, жетілдіре түседі. Кейін тағы бір ғалым Т.Сэттон айналы линзалары бар объектив ойлап табады, бұл оқиға фотоаппараттың дамуына ерекше үлес қосты. Бұл оқиға 1865 жылы болды. Ол құрастырған фотоаппарат біздің көзіміз үйреніп қалған модельдерге ұқсады әрі сапалы сурет түсіруге мүмкіндік бере бастады. 90-жылдары және 2000 жылдың бірінші онжылдығында «Кодак» фотопленкасы өте кең тарады. Сонымен қатар, «Leica» фирмасының мамандары фокустау жүйесі мен түсірілім кезіндегі ұсталым механизмін ойлап табады. 1963 жылы «Polaroid» компаниясы фотография саласында алға қарай үлкен қадам басты.

Фототарихтағы келесі елеулі оқиға цифрлық суретті алу болды. Бұл бірінші рет 1974 жылы мүмкін болды. Ал 80-жылдары цифрлық камералардың өндірісі қарыштады. Қазіргі уақытта цифрлық фото және видеокамералар түрлі құрылғыларда орнатылатын болған, мәселен қарапайым ұялы телефоннан бастап теледидарға дейін немесе автомобильге дейін. Ғалымдар әрдайым ең кіші әрі ең сапалы құрылғыларды шығарудан жарысып келеді. Олардың мүмкіндігі жоғары, оптика сапасы жақсы, суретті өңдеу жылдамдығы және өзге де сипаттамалары жетілдіріліп жатыр. Қазіргі уақытта фотокамераны біз саяхатта, көкке шыққанда және тұрмыста қолданып, өмірдің қызықты сәттерін естелік ете аламыз.

Рая БАБАШОВА,

Түркістан облысы мақта шаруашылығы тарихы музейінің экскурсия жүргізушісі.

АУДАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Өнеркәсіп. Мақтаарал ауданы кәсіпорындары (шағын, қосалқы кәсіпорындар, үй шаруашылығы секторын қоса алғанда) 2023 жылдың қаңтар-тамызында кәсіпорында қолданып жүрген бағамен 15057315 млн. теңгенің өнімін шығарып, өнімнің нақты көлем индексі бойынша өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 108,2 % құрады.

Ауыл шаруашылығы. 2023 жылдың қаңтар-тамызында Мақтаарал ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 18577,2 млн. теңгені (қолданыстағы бағамен) құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 102,9 % болды. Оның ішінде өсімдік шаруашылығы бойынша 5912,7 млн. теңге, мал шаруашылығы бойынша 12647,7 млн. теңгені құрады.

Сауда. Мақтаарал ауданы бойынша 2023 жылдың қаңтар-тамызында көтерме сауда 3279,1 млн. теңгені құрап өткен жылдың тиісті кезеңіне 102,8 %, бөлшек сауда тауар айналымы 4082,2 млн. болып өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 101,9 % болды.

Еңбек рыногы. Мақтаарал ауданы бойынша 2023 жылдың екінші тоқсанында ірі, орта және шағын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардағы жұмыс істейтін қызметкерлердің есепті саны 13,1 мың адамды құрады. 2023 жылғы екінші тоқсанына қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 271328 теңгені құрап, бұл 2022 жылғы екінші тоқсанына қарағанда 113,9 % құрады.

Демографиялық процестер. 2023 жылдың 1 тамызға Мақтаарал ауданындағы халық саны 129 775 мың адам, халықтың табиғи өсімі 1640 адам, туу - 1990 адам, қайтыс болғандар 350 адам. Тиісті кезеңде некеге тұрғандар - 434 отбасы, ажырасқандар - 32. Осы кезеңде көші-қон бойынша келгендер - 2812 адам, кеткендер - 3787 адам.

Тұрмыс деңгейі. 2023 жылғы тамызға Мақтаарал ауданы бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы, орта есеппен 2023 жылғы шілдемен салыстырғанда 8,0 % артып және 44922 теңгені құрап отыр.

Р.АЙДАРОВ,

Мақтаарал ауданының Статистика басқармасының басшысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНАН ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТЕН АЙЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ



Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (Қор) еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем (ӘТөқа) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне (бұдан әрі - жүйе) қатысушыға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша төлем ретінде тағайындауға өтініш берген уақытқа жұмысты тоқтатқанына немесе жалғастырып жатқанына қарамастан тағайындалады.

ӘТөқа құқық медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (МӘС) жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу (ЖЕК) дәрежесін белгілеген күннен бастап туындайды.

ӘТөқа ЖЕК дәрежесі белгіленген барлық кезеңге құқық туындаған күннен бастап тағайындалады.

Ай сайынғы ӘТөқа мөлшері соңғы 2 жылда Қорға әлеуметтік аударымдар төленген орташа айлық кіріске, кірісті алмастыру, ЖЕК дәрежесінің және жүйеге қатысу өтілінің коэффициенттеріне байланысты болады.



ЖЕК дәрежесі өзгерген жағдайда, төлем ЖЕК дәрежесі өзгерген күннен бастап ЖЕК жаңадан белгіленген дәрежесіне сәйкес мөлшерде жүзеге асырылады.



ТӨЛЕМГЕ КЕЛЕСІ ЖОЛДАРДЫҢ БІРІМЕН ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ:

- проактивті нысанда, қызметті алу туралы SMS-хабарламаға келісім жіберу жолымен
- ЖЕК дәрежесін белгілеу кезінде МӘС арқылы
- ЖЕК дәрежесі болған кезде:
 - egov.kz порталы
 - Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы

ҰСЫНАМЫЗ! Сіз үшін Қорға түскен әлеуметтік аударымдарды:

- egov.kz веб-порталы
- екінші деңгейлі банктердің қосымшалары
- Халыққа қызмет көрсету орталықтары
- Қор филиалдарына жүгіну арқылы тексеріңіз.

Түркістан облысы бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры " АҚ әкімшілігі.

Мақтаарал ауданы, Ж.Нұрлыбаев ауылдық округінің тұрғыны Сапар Кудретовке тиесілі жеке жүргізушілік куәлігі (серия ХМ №071521) мен «ГАЗ-2705» маркалы автокөлігің техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Тайғанов көшесі, №39/4 үйде тұрған азаматша Аманкулова Базаркуль Жалғасовнаның 2023 жылдың 10 қыркүйегі күні қайтыс болуына байланысты ашылған мұралық іске орай, мұрагерлерін нотариус Мауленов Тұрғанбек Мырзабайұлының Мырзакент кенті, С.Қожанов көшесі, №4/7 мекен-жайда орналасқан нотариаттық кеңсесіне хабарласуын сұраймыз.

Мақтаарал ауданы, Жаңа ауыл ауылдық округі, Фирдоуси елді мекенінің тұрғыны Абдулов Абдухамит Сопиевичтің атындағы «МТЗ - 80Х» маркалы доңғалақты трактордың мемлекеттік белгісі ("824 ТХЕМ") жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

■ Аудан әкімдігінде

Жылжымалы кітапхана пунктін ашылды

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаевтың тапсырмасымен Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының бастамасымен, Мақтаарал аудандық кітапханасы Мақтаарал аудандық әкімдігінің ғимаратының бірінші қабатынан жылжымалы кітапхана пунктін ашты.



Бастаманың мақсаты - білік пен халық арасындағы байланысқа руханият арқылы дәнекер болу, мемлекеттік қызметшілердің кітапхана қорындағы кітаптарға қолжетімділігін арттыру болып табылады. Ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары А.Ешанқұлова, аудан әкімінің баспасөз хатшысы Д. Аязбеков, әкімшілік және жалпы бөлім басшысы М. Байымбетов, кадр бөлімінің басшысы С.Досымов, ақпараттандыру және мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің бас инспекторы Б.Зейлбеков, ауданның мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Д.Жунисовтер қатысты.

Кітапхана пунктіне түрлі бағыттағы, атап айтқанда тарихи, көркем әдеби, экономикалық, мотивациялық т.б. жалпы 500 дана кітап және мерзімді басылымдар беріліп, әкімдік қызметкерлері оқырман ретінде тіркеліп кітаптар алды.

Мақтаарал ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

■ Тағылымды іс-шара

ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

Республика күні мерекесі қарсаңында Мақтаарал ауданы білім бөлімінің «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жоба аясында орталықшілік үйірме мүшелері арасында «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында жас ақындар айтысының іріктеу кезеңі өтті.



Жастардың өнерін кейінгі ұрпаққа дәріптеу, ұлттық рухты, патриотизмді, өз халқына, оның дәстүріне деген құрмет сезімін ояту маңызды міндет. Айтысты қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік баға жетпес мұрасы ретінде насихаттау арқылы дарынды, шығармашыл жастарды елге таныту – басты мақсатымыз.

Байқауда жас ақындар сүбелі сөзбен ой айтып, тілге деген құрметтерін білдіріп, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа Жолдауына тоқталып, халық арасындағы өзекті мәселелерді сөзге тиек етті. Нәтижесінде жүйріктен жүйрік озып, нағыз мықтылар жеңіс тұғырынан көрінді. «Көркем еңбек» үйірмесінің мүшесі Дәулет Рауан І орынды, «Үкілі домбыра» үйірмесінің мүшесі Кеңесбек Жеңіс ІІ орынды, «Жас бағдарламашы» үйірмесінің мүшесі Атабек Назгүл Мұхтарқызы ІІІ орынды иемденді. Ал, «Қызықты психология», «Сиқырлы әлем», «Кестелі орамал», «Шебер қолдар», «Атамекен» жас өлкетанушылар үйірмесінің мүшелері «Алғыс хатпен» марапатталды. Жеңістеріңіз құтты болсын, жас ақындар!

Мағрипа САРСЕНБАЕВА,
«Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Өмірінің өзі дастан

Біздің кітапханамызда тұрақты түрде еліміздің атақты ақын-жазушыларының өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби бағыттағы шаралар өткізіліп тұрады. Сондай шараның бірі – еліміздің даңқты перзенті, жазушы Оралхан Бөкеевке арналып, туғанына 80 жыл толуына орайластырып, «Шығыстың жұлдызы» атты портреттік кеші ұйымдастырылды.

Бұл шарадан көзделген мақсат – оқырмандарымызды жазушының шармаларымен таныстыру, балаларға сөзлеу мәдениетін дұрыс меңгерту, жазушы кітаптарын насихаттау. О.Бөкеевтің өмірбаяны, шығармашылық жұмыстары жөнінде оқушыларға кеңінен баяндадық.

Қысқа ғұмырында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерген О.Бөкеевтің прозасы өзінің терең өміршендігімен құнды. Ол өз оқырманын ешқашан жоғалтып алмайтын шын бақытты жазушы екенін қорытынды бөлім кезінде айта келіп, оқырмандымызға қаламгердің кітаптарын таныстырып, шолу жасап шықтым.

Д БИЛИМБЕТОВА,
Атакент кенті-2, филиал №10 кітапханасының меңгерушісі.

● ҚҰТТЫҚТАУ

ҚОС ҒАСЫРДЫҢ КУӘГЕРЛЕРІ

Данагөй қарттарымыздың әр сөзі, әр ісі өскелең ұрпаққа әрқашан да үлгі-өнеге. Біз осы ардақты жандарды әрдайым құрметтейміз әрі мақтан тұтамыз. Сондай жандардың бірі – қос ғасырдың куәгерлері, тыл ардагерлері бүгінде Атакент кентінде тұратын, 1915 жылы өмірге келген Азия Сердалиева, Еңбекші ауылдық округінің тұрғыны 1922 жылы туылған Лескул Мамбетова мен Жамбыл ауылдық округінің тұрғыны Пешен Шаметова апаларымыз. Олар Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда аянбай еңбек етіп, өз ерен еңбектерімен Ұлы Жеңіске үлестерін қосқан жандар.

1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесі қарсаңында мақтааралдық барша қарияларымызды төл мейрамдарымен шын жүректен құттықтаймыз. Әрдайым дендеріңіз сау, ал жүректеріңізде шаттық ұялап, ұрпақтарыңыздың қызығына кенеліп жүре беріңіздер демекпін.

Нұрғали ЕЛШИБАЕВ,
Мақтаарал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

■ Тіл апталығы

ТІЛ ҒҰМЫРЫ - ҰЛТ ҒҰМЫРЫ

Жуырда Мақтаарал аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" КММ-де де «Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры» атты апталық өтті.

Апталықтың бірінші күні мереке «Дөңгелек үстелмен» басталды. Іс шараны аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Жунисов Досбол мен орталық кітапхана басшысы Гүлмира Ақбаева ашып, ана тілінің адам өміріндегі рөлі, тіл мен рухтың үндестігі туралы ой қозғады. Әрі қарай іс шараның көрігін әзербайжан ұлтының талантты өкілі О.Бапышев атындағы ЖОМ оқушысы Миркамалова Алина жергілікті күйші Сәрсенбек Оразбековтың күйімен қыздырды. Қазақ, ұйғыр халқының билері биленді. Талантты өзге ұлт жастары Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Мұқағали Мақатаевтың, Мұхтар Шахановтың өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіре оқыды. «Мәдениет» ЖОМ-нен орыс, ағылшын тілдерінде өлең оқып, жастарды тіл үйренуге шақырды. Фирдауси ЖОМ оқушысы Жалилова Сабина тәуелсіздік туралы қазақ тілінде, ынтымақ туралы тәжік тілінде ән айтып көпшілікті серпілтті. Атакент кентінде орналасқан №14 колледж студенттерінің қатысуымен үш тіл бойынша "Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте" тақырыбында семинар -сайыс өткізілді. Семинарда студенттер өз білімдерін ортаға салды, берілген тапсырмаларды орындап, сұрақтарға үш тілде жауап берді, сайыс өте қызықты әрі тартысты өтті.

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай "Тіл ғұмыры- ұлт ғұмыры" атты апталығымыздың соңғы күні №41 жалпы орта мектебінде "Қазақ тілінің болашағы- латын әліпбиінде" атты мерекелік іс шара өткіздік. Орталық қызметкерлерін оқушылар үш тілде күтіп алып, әжелер қазақтың салты бойынша шашу шашты. Қазақтың ұлттық дәмдерінен ауыз тиіп, "Тіл мәртебесі -ұлт мәртебесі" атты апталықтың салтанатты ашылу мерекесіне қатысып, оқушылар дайындаған концерттік бағдарламасын тамашаладық. Бірнеше ұлт өкілдері оқитын бұл мектепте этносаралық бірлік пен ынтымақ кәдімгідей сезіліп тұрды. Мереке барысында өзім сөз алып қатысушыларды Қазақстан халқы тілдері күні мерекесімен құттықтап, сәттілік тіледім. Мерекелік іс- шарадан соң мектептегі ата аналардың қолдауымен ашылған "Абайтану" бөлмесінде қатысушыларға латыннегізді қазақ әліпбиінің жетілдірілген нұсқасы таныстырылып, жаттығулар орындалды. Ағылшын тілінен де сұрақ-жауап ойыны қызықты өтті.

Тановар ТАСТАНБЕКОВА,
«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ басшысы.

ОТБАСЫ - ӨМІР АЙНАСЫ

Жуырда Алғабас ауылдық мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Табысты елді мекенінің тұрғыны Ауезов Абдрахман атамyzбен отбасы күніне орай «Отбасы өмір айнасы» атты іс шара болып өтті.

Отбасы — сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю- отбасынан басталатыны рас. Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Адамның жеке басының қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырамыз. Абдрахман атамyzдың отбасында 3ұл, 2 қыз баланы дүниеге келген. Ұл-қыздары жоғары білімді.

Ауылымыздағы беделді, елге сыйлы отбасы. “Әр адам өз отбасын сыйлап, құрметтей білуі тиіс. Себебі қазіргі кезде көп жастар шет елдерде оқып, сол елдерде қалып қояды. Бұдан Отанға деген ешқандай ізгі ниетті байқамаймыз, сондықтан да отбасын қалай қадірлейміз, дәл солай Отанды да қадірлеп, қолдан келгенше аялауымыз керек”- дейді Абдрахман атамyz. Іс-шараға мәдениет үйінің қызметкері Әлімбек Құлахмедов ән шашуын тарту етті.

Ә.БАЙМЕНОВ,
Алғабас мәдениет үйінің меңгерушісі.

Дөңгелек үстел

АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ

Жуырда Достық ауылдық мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл» атты жастармен «Дөңгелек үстел» өтті.

Іс-шараны өткізудегі мақсатымыз – жастарға ана тіліміздің қадір-қасиетін ұғындыру, туған тілдің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың айтқандарын оқып үйрену, тіліміздің мәртебесін көтеру, жастардың ой-өрісін кеңейту, еркін сөйлеуге үйрету, сөздік қорын молайту еді.

«Дөңгелек үстел» жиынына ауыл жастары белсене қатысты. Достық ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі өзім ұлт қайраткерлері М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың тіл туралы құнды ойларын, қанатты сөздерін жастарға айтып бердім.

Б.САУРАНБАЕВ,
Достық ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі.

МАҚТААРАЛ			
Директор – Бас редактор Сәбит Дүйсенбекұлы ҚАЛДЫБАЕВ			
Ұялы байланыс: 8-702-306-29-24			
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, есепке қою туралы №17705-Г куәлігі 15.05.2019 жылы берілген. (Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №17289-Г. 28.09.2018 жыл.)			
Құрылтайшы – Мақтаарал ауданы әкімдігі Меншік иесі – “Мырзашөл” Мақтаарал аудандық газеті” ЖШС		Біздің мекенжайымыз: 160547 Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Қуандықов көшесі, №80 Б үй. Мақтаарал аудандық мәслихатының ғимараты, 1-ші қабатта №17-18 кабинеттер.	
“Мақтааралда” жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды. Газеттің таралу аймағы – Мақтаарал ауданы.		Нөмірдің кезекшісі: Ж.АДЫРБЕКОВ Суреттерді түсірген: Ж.ТӨРЕБЕКОВ Дизайнер: Ұ.АСЫҚБАЙҚЫЗЫ	
А – Мақаланың жариялану ақысы төленген.		Индекс: 66767. Шартты баспа табағы 1. Тапсырыс № 2447 Таралымы – 1450	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. ЖК “PrintSap” баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, №22.
		E-mail: maqtaaral_gazeti@mail.ru	Газет аптасына бір рет шығады